

# ТЭКОНОМИКА

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ  
РАНЗИТНАЯ

**В НОМЕРЕ:**

**4  
2017**

ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІКӘРІПТЕСТІК  
НЕГІЗІНДЕ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕСІ

САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ  
ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ  
САЯСАТЫНДАҒЫ ОРНЫ

## ТРАНЗИТНАЯ ЭКОНОМИКА

**Научно-практический журнал «Транзитная экономика»** является одним из ведущих периодических научных изданий Республики Казахстан в области экономических наук, издается с июля 1997 года, имеет свою стабильную аудиторию.

На страницах журнала Вы найдете широкий спектр различных мнений и полезную информацию по вопросам экономической политики, разработки экономического механизма индустриально-инновационного развития Казахстана, проблемам развития отдельных отраслей и сфер экономики.

Публикации журнала ориентированы на специалистов и аналитиков республиканских и региональных органов управления, государственного сектора экономики, крупных народнохозяйственных структур, высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов, студентов, магистрантов, докторантов и круг читателей, проявляющих профессиональный интерес к проблемам социально-экономического развития. В редакционный совет входят ведущие ученые-экономисты Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья.

Периодичность выхода журнала – один раз в 3 месяца.

Подписку на журнал можно оформить во всех почтовых отделениях «Казпочта», в подписных агентствах «Казпочта», «Евразия-Пресс», «Эврика-Пресс».

Индекс подписки 75781. Подписная цена на год для физических и юридических лиц – 8800 тенге.

Издатель ИП «ХАНШАЙЫМ»:  
ИИК KZ90826A1KZTD2020958, КБЕ 19  
в Филиале АО «АТФ Банк» г. Алматы:  
БИК ALMNKZKA, БИН 721019401132

Условия подписки и размещение статьи:

Обращаться в редакцию по адресу:

050050, г. Алматы, ул. Сатпаева, д. 30а, офис 62

Сайт: [www.tranzek.kz](http://www.tranzek.kz)

E-mail: [tranzit\\_ek@mail.ru](mailto:tranzit_ek@mail.ru), [aijan1910@mail.ru](mailto:aijan1910@mail.ru)

Телефоны: 8 (747) 373 93 26, моб. 8 (701) 373 93 26

ISSN 2413-4953

Научно-практический  
журнал  
«Транзитная экономика»

Издается с июля  
1997 года

Учредитель:  
ИП «Ханшайым»

Главный редактор  
Айжан Асилова

Редакционная коллегия:

Узан Искаков  
(Казахстан)

Жанар Аубакирова  
(Казахстан)

Валентина Бондаренко  
(Россия)

Асан Сатмурзаев  
(Казахстан)

Петя Колева  
(Франция)

Айгуль Садвакасова  
(Казахстан)

Ерканат Темирханов  
(Казахстан)

Жангельды Шимшиков  
(Казахстан)

Раушан Азбергенова  
(Казахстан)

Салима Барышева  
(Казахстан)

Журнал  
зарегистрирован  
в Министерстве  
связи и информации  
Республики Казахстан

Свидетельство  
№ 14503-Ж

СОДЕРЖАНИЕ

ВОПРОСЫ ТЕОРИИ

**Наурызбекова А.Е.,  
Муратова Д.Б.,  
Исмаилова А.Б.**  
Коммерциялық банктің табысын  
басқаруды жетілдірудің мәселелері  
және жолдары..... 4

**Мухаммедов А.О.,  
Шәріпбай А.**  
Қазақстанда мемлекеттік-жекешелік  
әріптестіктік негізінде шағын кәсіп-  
керлікті дамыту мәселелері..... 16

ГЛОБАЛЬНАЯ И РЕГИОНАЛЬ-  
НАЯ ИНТЕГРАЦИЯ

**Адамбекова А.А.,  
Умитханова К.К.**  
Процесс реформирования бухгалтер-  
ского учета в банковской системе..... 22

**Гулимбетова Р.У.**  
Ұйымның қаржылық жағдайын тал-  
дау..... 29

МАКРОЭКОНОМИЧЕСКАЯ  
ПОЛИТИКА

**Глеубаева С.А.,  
Пралиева С.Ж.**  
Особенности исследование нового  
направления услуг по расследованию  
финансовых махинаций..... 37

За содержание публикуемых в журнале авторских материалов и рекламы редакция ответственности не несет.

Мнение автора не всегда совпадает с мнением редакции.

Подписной индекс  
75781

Формат 70×108 1/16.  
Бумага офсетная  
Печать Riso  
Тираж 500 экз.  
Цена договорная

050050, г. Алматы,  
ул. Сапиева, д. 30а,  
офис 62

Тел.: 8 (747) 373 93 26,  
8 (701) 373 93 26

www.tranzek.kz  
tranzit\_ek@mail.ru,  
aijan1910@mail.ru

Отпечатано в  
издательском  
центре журнала  
«Транзитная экономика»

©Транзитная экономика  
2017

**Мылтыкбаева А.Т.,  
Иманбекова З.Ж.**  
Национальная экономика Казахстана 50

## **ИНСТИТУТЫ И ЭКОНОМИЧЕ- СКОЕ РАЗВИТИЕ**

**Өтеген А.Н.,**  
Цифрлық экономика негізінде қар-  
жылық институттар қызметін тран-  
сформациялау..... 58

**Алиева М.М.,  
Алимжанова Ш.К.**  
Салық жеңілдіктерінің экономика-  
лық мәні және олардың Қазақстан  
Республикасының салық саясатын-  
дағы орны..... 66

**Муратова Д.Б.,  
Джунусова Д.А.**  
Аймақтың республикалық бюджетке  
түсетін салықтық түсімдер қозғалы-  
сының жағдайы..... 77

**Супугалиева Г.И.,  
Есенжол Д.Е.**  
Қазақ білімі мен ғылымының алтын  
ордасы..... 90

**Асилова А.С.,  
Избасарова Ж.Б.**  
ҚазҰУ-ге оқуға кел Жас түлек!..... 92

Сведения об авторах..... 94

Информация о членах редакционной  
коллекции..... 96

Требования к содержанию  
и оформлению статей

МРНТИ 06.73.55

**А.Е. Наурызбекова<sup>1</sup>**, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің проректоры  
**Д.Б. Муратова<sup>2</sup>**, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қаржы» кафедрасы

**А.Б. Исмаилова<sup>3</sup>**, «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы  
<sup>1,2,3</sup>М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

### КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ТАБЫСЫН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖОЛДАРЫ

**Түйіндеме.** Банк – ақша қаржылары мен қорларын жинақтау, беру, мемлекеттер, кәсіпорындар (фирмалар), мекемелер және жеке адамдар арасындағы өзара төлемдер мен ақшалай есеп айырысуда делдалдықты жүзеге асыру, ақшаның белгілі бір түрін айналымға қосуды айтамыз. Банк дегеніміз халық пен заңды тұлғаларға қаржылық қызметтерді коммерциялық (пайда табу үшін) негізде көрсететін мекеме.

Коммерциялық банктің негізгі мақсаты – нарықтағы мықты позицияны қамтамасыз ету арқылы пайда табуды арттыру болып табылады. Табыс – өндірістік және өндірістік емес қызметтен түсетін ақшалай түсімдер. Коммерциялық банк кез-келген басқа коммерциялық кәсіпорын сияқты, негізгі және қосалқы қызмет түрлерінен, сондай-ақ басқалар санатына жататын кездейсоқ табыстарды ала алады. Тиісінше, банктің кіріс көзі оның негізгі және қосалқы қызметі болып табылады. Банктің негізгі қызметі клиенттерге банктік операцияларды жүргізу және банк қызметтерін ұсыну болып табылады. Банктің кіріс әкелетін барлық басқа әрекеттері кездейсоқ саналады.

Табыс көздерін тұрақты және тұрақсыз бөлуге болады. Кірістің салыстырмалы тұрақты көзі клиенттерге әр түрлі қызметтерді ұсыну болып табылады. Бұл мақалада банктің қаржылық талдауының теориялық аспектісі, банк табыстарын басқаруды талдау және банктің қаржылық жағдайын бағалаудың даму жолдары көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** коммерциялық банк, банк табысы, пайыздық табыстар, банк балансы, табысты есептеу әдісі, қаржылық жағдай.

**Кіріспе.** Қазақстанда банктік жүйе экономикалық үрдісте қайта құрылуда маңызды рөл ойнайды. Коммерциялық банктердің қолында қаржылық, инвестициялық, өндірістік және басқада көптеген экономикалық салаларға әсер ететін тетіктер бар. Коммерциялық банктердің өз қызметінің жүзеге асыруы сәйкесінше қажеттіліктер мен және мемлекеттің экономикалық мақсатының тәуелдігі, оларды басқарумен байланысты. Банктің қызметінің арасындағы теориялық және тәжірибелік мәселелерінде – табысты, шығындар мен қаржылық нәтижелерді қалыптастыру және олармен басқару. Оның мазмұнының құрылуы, коммерциялық банктердің тиімді жұмыс істеуі белгіленген шартында және жетіспеген мәліметтерді орналастыру барлық қолжеткізген инвестициялық қаражаттар құрылуы негізінде, максималды табысты қамтамасыз етеді. Коммерциялық банктердің оңтайлы өтімділігі ішкі және сыртқы шектеу есепке алынуы.

Банктің тұрақты және ырғақтылық табыстарының өсуі банктің мамандандырылған басқару нәтижесі болып табылады және керісінше активтер операцияларының басқаруының төмендеуі табыстар өсімімен көрсетіледі. Банктің барлық алынған табыстары талдануы және реттелуі керек.

Банк алдындағы осы жоспарда тұрған тапсырманы келесі екі негізгі орынға жатқызуға болады. Біріншіден, бірнеше жылдың динамикасында жиынтық табыстың құрылымы және деректер көлемін үнемі бағалау қажет, олардың түрлерінің әр түрлілігінің арасындағы арақатынасты анықтау, табыстың жалпы сомадағы әрбір табыстың салмағын, тұрақты көздердің есебінде табыстың негізгі массасын банкке қамтамасыз ететін және болашақта шолуда осы көздерді қолданылатын мүмкіндікті, операцияларды анықтау. Мұнда банктің жұмысының қалыпты куәлігі болып ең бастысы олардың тұрақты (берілген емес және спекулятивті емес) көздерінің банктегі жалпы табыстың қарқыны және өлшемдердің айқын тәуелдігі және негізгі қызметтен табыстардың өсу қарқыны ырғақтылығын санауға болады.

Екіншіден, банк жетекшілері табыстылықтың максималды қамтамасыз ету тұрғысынан жобаланған кезеңде көбенесе маңызды болып саналатын оның қызметінің қандай бағыттары, сонымен қатар табыстарды табу механизміне қандай өзгертулер қажет екенін үнемі анықтауға міндетті.

Пайда – банктің жұмысының негізгі қызметінің нәтижелілігі. Коммерциялық банктердің табыс пен шығыстарының әртүрлілігі жалпы пайданы құрады.

Жалпы пайданың көрсеткіші (салықты есепке алмағандағы төлем және қалдық пайданың бөлінуі) коммерциялық банктердің тиімді мінездемесін береді.

**Тәжірибелік бөлім.** Коммерциялық банктердің негізгі қызметі – пайда табу. Сонымен қатар қалыпты дамып келе жатқан банктің жоспарында ағымдағы кезеңге бірнеше мақсат көзделеді, бірақ бір ғана мақсат пайдамен байланысты болып келеді. Бұл мақсат дамушы банктердің сандық және сапалық көрсеткіштері меншік капиталына және оның құрылымына, ресурстарды тарту көздеріне, құрал-жабдықтарға бағытталған салымына, банктердің өнімдерінің түріне, қаржылық технологияларына, банктің техникалық базасына, меншікті ұйымның құрылымына, ұйымның құрылымына, ұжымның өзара қарым-қатынасына қатысты болады.

Бұл көрсеткіштер өткізу жағдайларында банктің жеткілікті пайдасында болады. Осы түрлеріне байланысты пайда мынандай: өзімен және банктің басқада мақсаттарына жеткен жағдайына қатысты екі мәнде болады. Осы екі мән банктің сенімділік өлшемін және клиенттер мен қарыз алушылардың тартымдылығын көрсетеді.

Пайда – банктің қызметінің негізгі қаржылық нәтижесінің көрсеткіші болып табылады. Банктің пайдасының мөлшері бұл қызметке қатысушылардың бәріне маңызды. Банкке қатысушылар салынған капиталдың табыс нормасы сияқты пайдаға қызығушылық танытады.

Қарыз алушылар банктің несие беру мүмкіндігін және меншікті капиталдың мөлшерімен құрылымымен байланысты банктің басқада салым салу пайдасының жеткіліктілігіне қызығуда, ал пайда – оның негізгі бір көзі болып табылады.

Табыстылық пен пайдалылық – коммерциялық банктердің ең маңызды тиімді көрсеткіші болып табылады. Табыстылықты талдау кезінде ең бастысы есеп берудегі сенімділікті сол бойынша қарастыру болып табылады. Белгіленген стандартты қолданбай пайда жеткілікті көрінуі мүмкін, ал расында ол асырылуы немесе жалған болуы мүмкін.


Пайдалылықты өлшеу үшін бірнеше әдіс қолданылады, бұлардың әрқайсысының артықшылықтары және жетістіктері бар. Коммерциялық банктердің біртұтас жүйесі немесе бір банктің немесе басқа банктермен пайдалылығын салыстырғандағы бағалы көрсеткіші – пайданың активке қатынасын көрсетеді. Консервативті қарыз инвестициялық саясат немесе төтенше шығыс операциялар нәтижесі пайданың төмен нормасы болуы мүмкін. Егерде салым масы жалпы депозиттер сомасына пропорционалды үлкен емес са, оларға деген пайыз шығындары төлемі орташа сала деңгейін жоғарлатуы мүмкін. Жоғарғы пайданың активте қатынасы банк қызметінің тиімді нәтижесі активте болуы мүмкіндігін немесе жалпы позиттердің жинақ салымындағы төмен үлесі немесе активтен ыздың үлкен мөлшерлемесі болады. Банк соңғы кездегі жағдайда активтерден табыстың жоғарлаған кезде және жоғарыда көрсетілген тәуекелдікте өзін тәуекелге әкелу мүмкіндігі бар. Банктің

лығының көрсеткіші болып орташа активтер құнының қайтарым коэффициентіне қатынасы болып табылады. Ол келесі жолмен есептелінеді:

Салық төленгеннен кейінгі таза пайда, дивидентке дейінгі төлем (1.1)

Активтің орташа құны

Банктік жүйеде пайда көлемі мен оның сенімділігін қамтамасыз етеді және оның салымының қауіпсіздігіне кепілдеме береді. Жалпы алғанда пайданың мөлшері үш ғаламдық компонентке тәуелді: табыс, шығыс, салық және міндетті төлемдерден тұрады. Осыған сәйкес қалыптастыру үлгісі және пайданың анықталу мөлшерінде қолданылуы келесі суретте көрсетіледі:



1-сурет. Банктің пайданы қалыптастыруы

Пайданың соңғы қаржылық нәтижесі банктің есеп беру аралығында табыстың салыстыру жолымен анықталады. табыстың кемітіп көрсетуі салық салынатын пайданың кемуіне әкеледі. Осыған байланысты есепке алудың толықтығының дұрыстығын тексеру қажет. Есепке алудағы қателер салдарынан табыстың өсуі және басқада себептерден кері әсерін тигізеді, пайдадан төлемдердің дәлелсіз қайта қайтарылуынан қиындықтар туындайды.

Барлық табыс пен шығын баптарында есеп беру кезеңінде таза пайда мен шығынның анықталуы қосылады және осылармен бірге төтенше баппен есепке алу бағасындағы нәтижелер өзгерімі кіреді. Бірақта пайда болған жағдайда белгілі баптар алынып тасталуы мүмкін. Мұндай екі жағдай бар: елеулі қателіктерді түзету және есепке алу саясатындағы нәтижелердің өзгерулері.

Барлық табыстар бабына есепке алу аралығындағы белгілі таза пайда кіреді және қарапайым банк қызметінде пайда болады.



ған байланысты кейбір жағдайларда шаруашылық қызметі және төтенше бабтар операциясы қабілеттілігі пайда болады [1].

Банк табыстары есептеу әдісі бойынша теңгемен есептеледі және мыналардан тұрады:

- төмендегілер бойынша сыйақы (мүдде) алумен байланысты;
- Ұлттық және басқа банктердегі корреспонденттік шоттар;
- Ұлттық және басқа банктерде орналастырылған депозиттер;
- Ұлттық банк қайта қаржыландыруы үшін жарамды қазынашылық міндеттемелер мен басқа да өтімділігі жорғарғы бағалы қағаздар;

- сатуға арналған бағалы қағаздар;
- басқа да бағалы қағаздар;
- басқа банктерге орналастырылған салымдар;
- басқа банктер ұсынған қарыздар;
- клиенттерге берілген қарыздар;
- капиталға және бағынышты борышқа инвестиция;
- банктің келесі қызметтері бойынша комиссиялық табыстары:
- аударым операциялары;
- бағалы қағаздарды сату-сатып алу;
- шетел валюталарын сату-сатып алу;
- сақтандыру операциялары;
- сенімгерлік операциялары;
- берілген кепілдіктер;
- шоттарды және клиенттердің салымдарын жүргізу;
- басқалары;
- пай, акция және басқа да бағалы қағаздар бойынша дивидендтер;

- клиенттердің банкке есеп айырысу және кассалық қызмет көрсеткені үшін төлемдері, клиенттердің телеграфтық (пошталық) және тағы басқа шығындардың орнын жабуы;

- шетел валютасын, бағалы қағаздарды сату-сатып алудан түсім;

- шетел валютасын, бағалы металдарды және бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен табыс;

- кәсіпорындарға, ұйымдарға, банктерге халыққа көрсетілген басқа да қызметтер үшін, соның ішінде инкассация үшін төлем;

- банк активін сатудан түскен түсім;

- банк шығындарының орнын жабу сомалары;

- есепті кезеңде шыққан өткен кезеңде табыстары (өткен жылдар қателерін анықтау нәтижесінде): өткен жылдарда алынған алдын ала есептелінген пайыздар және комиссия, өткен жылдары банктің клиенттерге артық төленген талап етуге дейінгі сыйақы не комиссиялық ақы, алдында үмітсіз деп есептен шығарылған

рыздардың келіп түсуі, егер олар күмәнді қарыздар бойынша резервті көбейтуге бағытталмаса;

– банк қызметкерлерінің олардың кінәсі есебінен банктің төленген айыппұлдарының орнын жабуға түсімдердің түсуі;

– алынған айыппұлдар, өсімпұл, тұрақсыздық төлемі және басқа да экономикалық санкциялар, соның ішінде есеп айырысу операцияларын орындау ережелерін бұзғаны үшін клиенттерден алынатын айыппұлдар, сонымен қатар, мерзімінде жеткізбеу, корреспонденцияны жоғалтқаны үшін байланыс кәсіпорынынан алынған айыппұлдар;

– банк меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін табыс, сонымен қатар мәмілеге сәйкес факторингтік және форфейтингтік операцияларды жүзеге асырудан түсетін түсім;

– банк алатын басқа да түсімдер: сатылған макулатура, металл сынығы, өңделген пломба, банк көлігін пайдалану, істен шыққан материалдарды қалдық заттар ретінде өткізуден түскен табыс, негізгі қорларды жоюдан түсімдер, жұмысшыларға еңбек кітапшасын және оларға қосымша бет беруден алынатын сомалар, түгендеу кезінде анықталған артық негізгі қорлар, баланстан балансқа ауыстыру тәртібі бойынша қабылданған инвентарь құны (сыйға тарту) және тағы сол сияқты;

– күтілмеген жағдайлар салдарынан туындаған басқа да күтілмеген табыстар.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Кез келген кәсіпкерлік қызметтің ең маңызды мақсаты – табыс табу болып табылады. Сонымен қатар бухгалтерлік есептің ең басты қызметі – осы мақсаттарға жету жолындағы банктің жетістіктері мен сәтсіздіктерін анықтау және есептілікті көрсету. Пайда – шаруашылық қызметті жүргізу нәтижесіндегі капитал өсімі; бұл толық табыстан толық шығыстарды шегерге тең. Бірақ бұл анықтамалар әр түрлі қабылдануы мүмкін. Бухгалтерлер «бөлінбеген пайда немесе таза табыс» терминдерді қолданғанды жөн көреді.


$$\text{Таза табыс} = \text{табыс} - \text{шығыс} \quad (1)$$

Егер шығыс табыстан асып кетсе, онда жабылмаған шығын жайлы сөз қозғалады.

Төмендегі суретте «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның пайыздық табыстарының өзгеру серпіні берілген (2-сурет).

Коммерциялық банктердің пайыздық табысы амортизацияланған құны бойынша есептелген қаржылық активтер, сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар, пайда және

залал арқылы әділетті құны бойынша бағаланған қаржылық активтер бойынша қалыптасады.




2-сурет. «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның пайыздық табыстарының өзгеру серпіні, млн. теңге

«Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның пайыздық табыстарының көлемі 2014 жылы 210593 млн. теңге, 2015 жылы 254856 млн. теңге және 2016 жылы 354997 млн.теңгені құраған, 2016 жылды 2015 жылмен салыстырғанда 100141 млн. теңгеге артқан, немесе 39,3% құраған.

Келесі суретте банктің пайыздық табыстарының құрылымының 2014-2016 жж. өзгеруі бейнеленген (3-сурет).

Банктің пайыздық табыстарының құрылымында амортизацияланған құны бойынша есептелген қаржылық активтер көлемі жөнінен көшбасшылық жайғасымда орналасқан. Атап көрсетсек, 2014 жылы олардың көлемі 190548 млн. теңге, 2015 жылы 233671 млн. теңге және 2016 жылы 299770 млн. теңгені құраған. Ал сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар көлемі 2014 жылы 19958 млн. теңге, 2015 жылы 21089 млн. теңге және 2016 жылы 29221 млн. теңге болған.

Әділетті құны бойынша бағаланған қаржылық активтер көлемі 2014 жылы 15727 млн. теңгені, 2015 жылы 177070 млн. теңгені, 2016 жылы 328737 млн. теңгені құрады, 2016 жылғы көрсеткішті өткен жылмен салыстырғанда 151667 млн. теңгеге артқан, немесе 85,7% құрайды.




3-сурет. Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның пайыздық табыстарының құрылымы, млн. теңге

Төмендегі кестеде «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның пайыздық табыстарының құрылымындағы оның баптарының үлестері және ауытқу деңгейлері берілген.

1-кесте. «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның пайыздық табыстарының құрылымы, млн. теңге

|  | 2014 ж. |        | 2015 ж. |        | 2016 ж. |        | Ауытқу, % |           |
|--|---------|--------|---------|--------|---------|--------|-----------|-----------|
|  | Көлем   | Үлес % | Көлем   | Үлес % | Көлем   | Үлес % | 2015-2014 | 2016-2015 |
| Амортизацияланған құны бойынша есептелген қаржылық активтер                | 190548  | 90,5   | 233671  | 91,7   | 299770  | 84,4   | 22,6      | 28,3      |
| Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар                          | 19958   | 9,5    | 21089   | 8,3    | 29221   | 8,2    | 5,7       | 38,6      |
| Пайда және залал арқылы әділетті құны бойынша бағаланған қаржылық активтер | 86      | 0,04   | 96      | 0,03   | 26006   | 7,3    | 11,6      | 26989     |
| Барлығы  | 210593  | 100    | 254856  | 100    | 354997  | 100    | 21        | 39,3      |
| Ескерту: [4] «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның 2014-2016 жж. жылдық есебі     |         |        |         |        |         |        |           |           |

Жалпы пайыздық табыстар көлемі 2015 жылы өткен жылмен салыстырғанда 21%-ға, 2016 жылы өткен жылмен салыстырғанда 39,3%-ға артқан. Соның ішінде, амортизацияланған құны бойынша есептелген қаржылық активтер 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 22,6%-ға артса, 2016 жылы өткен жылмен салыстырғанда 28,3%-ға көбейген. Келесі көрсеткіш сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар болып табылады. 2015 жылы бұл көрсеткіштің көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 1131 млн. теңгеге дейін артқан, ал 2016 жылы 38,6%-ға артқан. Пайда және залал арқылы әділетті құны бойынша бағаланған қаржылық активтер көлемі 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 11,6%-ға.



4-сурет. Банктің пайыздық табыстарының амортизацияланған құны бойынша есептелген қаржылық активтер құрылымы, млн. теңге

4-сурет. «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның пайыздық табыстарының амортизацияланған құны бойынша есептелген қаржылық активтер құрылымының өзгеруі берілген. Бұл көрсеткіштің құрамында клиенттер қарыздары және несие мекемелеріндегі қаражаттар және ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері бар. Аталмыш қаржылық активтер құрылымында көлемі жөнінен 2014 жылы 185585 млн. теңгемен, 2015 жылы 228775 млн. теңгемен және 2016 жылы 285656 млн. теңгемен клиенттер қарыздары үлкен үлес салмақты иеленіп отыр. Яғни жалпы аталмыш қаржылық активтер көлемінде қарастырылып отырған кезеңдерде олардың орташа үлес салмағы 95%-ды құраған.

Жалпы, банктің пайыздық табыстарын талдаудан банктің жүргізген саясаты, оңтайлы қызметі нәтижесінде банктің таза пайыздық табысы көлемінің жыл санап артқандығын байқауға болады.

Табыстылық пен пайдалылық – коммерциялық банктердің ең маңызды тиімді көрсеткіші болып табылады. Табыстылықты талдау кезінде ең бастысы есеп берудегі сенімділікті сол бойынша қарастыру болып табылады. Белгіленген стандартты қолданбай пайда жеткілікті көрінуі мүмкін, ал расында ол асырылуы немесе жалған болуы мүмкін.

Сонымен қатар қалыпты дамып келе жатқан банктің жоспарында ағымдағы кезеңге бірнеше мақсат көзделеді, бірақ бір ғана мақсат пайдамен байланысты болып келеді. Коммерциялық банктердің басты мақсаты пайда табу. Бұл мақсат дамушы банктердің сандық және сапалық көрсеткіштері меншік капиталына және оның құрылымына, ресурстарды тарту көздеріне, құрал-жабдықтарға бағытталған салымына, банктердің өнімдерінің түріне, қаржылық технологияларына, банктің техникалық базасына, меншікті ұйымның құрылымына, ұйымның құрылымына, ұжымның өзара қарым-қатынасына қатысты болады.

**Қорытынды.** Қазіргі кезде әмбебап банктер банк қызметтерінің және қаржылық қызметтердің барлық аспектілерін түгелдей қамтитын өнімдердің кең қатарын ұсынады. Осы кезде басқа банктер бәсекелестік артықшылықты жаулап алу және оны мықты түрде сақтандырып қалу мақсатымен қатаң түрде белгілі бір қызметтер түрлерін көрсетуге мамандануға тырысады.

Коммерциялық банктердің желісі ақша нарығының қалыпташуына ықпал етеді, ал заңды және жеке тұлғалардың мемлекетте уақытша бос ақша қаражаттарының болуы және оны экономика мен халықтың қысқа мерзімдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға пайдалану ақша нарығының экономикалық негізі болып қала береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қарымсақов М. Банк саясаты. Экономика негіздері. 2005. – № 2, 30 б.
2. Сейтқасымов Ғ. С. Ақша, несие, банктер. Алматы, Экономика. – 2001.
3. Мақыш С. Б. Коммерциялық банктердің операциялары. Алматы, Экономика. – 2002.

**А.Е. Наурызбекова<sup>1</sup>**, кандидат экономических наук, доцент, проректор  
Таразского государственного университета имени М.Х. Дулати  
**Д.Б. Муратова<sup>2</sup>**, кандидат экономических наук, доцент, кафедра «Финансы»

**А.Б. Исмаилова<sup>3</sup>**, старший преподаватель кафедры «Финансы»  
<sup>1,2,3</sup>Таразский государственный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз,  
Казахстан

### **Проблемы и методы совершенствования управления доходами коммерческого банка**

**Аннотация.** Банк – это организация, созданная для привлечения денежных средств и их размещения от своего имени на условиях возвратности, платности и срочности. Основное назначение банка – посредничество в перемещении денежных средств от кредиторов к заемщикам и от продавцов к покупателям. Основная цель деятельности коммерческого банка – получение максимальной прибыли при обеспечении устойчивого длительного функционирования и прочной позиции на рынке. Доходы – это денежные поступления от производственной и непроизводственной деятельности. Коммерческий банк, как и любое другое коммерческое предприятие, может получать доходы от основной и побочной деятельности, а также случайные доходы, относящиеся к категории прочих. Соответственно источником доходов банка является, его основная и побочная деятельность. Основной деятельностью банка считается совершение банковских операций и оказания банковских услуг клиентам. Вся прочая деятельность банка, приносящая доход, считается побочной.

Источники доходов можно разделить на стабильные и нестабильные. Относительно стабильным источником доходов является оказание различных услуг клиентам. В процессе достижения поставленной цели решаются следующие задачи как исследовать теоретические аспекты финансового анализа, проанализировать проблему управления доходов банка и определить перспективы развития оценки финансового состояния банка.

**Ключевые слова:** коммерческий банк, доход банка, процентные доходы, баланс банка, методы расчета доходов, финансовое состояние.

**A.E. Nauryzbekova**<sup>1</sup>, candidate of economic, associate professor, prorector of Taraz State University named after M. Kh. Dulati

**D.B. Muratova**<sup>2</sup>, candidate of economics, associate professor, department «Finance»

**A.B. Ismailova**<sup>3</sup>, senior lecturer of the chair «Finance», department «Finance»  
<sup>1,2,3</sup>Taraz State University named after M. Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

## **Problems and methods of improving the management of commercial bank incomes**

**Abstract.** A bank is an organization created to attract funds and place them on its behalf on terms of repayment, payment and urgency. The main purpose of the bank is to mediate the transfer of funds from creditors to borrowers and from sellers to buyers.

The main objective of the commercial bank is to maximize profits while ensuring a sustainable long-term operation and a strong position in the market. Revenues are cash receipts from production and non-productive activities. A commercial bank, like any other commercial enterprise, can receive income from basic and secondary activities, as well as casual incomes belonging to the category of others. Accordingly, the source of the bank's revenues is its main and secondary activities. The main activity of the bank is the performance of banking operations and provision of banking services to customers. All other activities of the bank that generate revenue are considered to be an incidental one. Sources of income can be divided into stable and unstable. Relatively stable source of income is the provision of various services to customers.

In the process of achieving this goal, the following tasks are solved: how to study the theoretical aspects of financial analysis, analyze the problem of managing the bank's revenues, and determine the prospects for developing an assessment of the bank's financial condition.

**Keywords:** commercial bank, bank income, interest income, bank balance, methods of income calculation, financial status.



**А.О. Мухаммедов<sup>1</sup>**, профессор, экономика ғылымдарының докторы  
**А. Шәріпбай<sup>2</sup>**, магистрант

<sup>1,2</sup> Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы қ., Қазақстан

## **ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕС- ТІКТІК НЕГІЗІНДЕ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Түйіндеме.** Бүгінгі таңда қабылданған заңнамалық және жүйелі шараларды ескере отырып, өңірлердің белсенділігі күшейе түсті және өңірлерде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын әзірлеу және іске асыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасында 162 өңірлік мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобалары жоспарланып отыр. Олардың басым бөлігі білім беру, денсаулық сақтау, көлік, спорт салаларына тиесілі. Қоғамда бұл экономикадағы мемлекеттің үлесін арттырып жібереді, болмаса бұл мемлекеттің экономикаға араласуы соның нәтижесінде экономиканың дамуы тежеледі деген пікірлер көп кездеседі. Бірақ мемлекеттің әріптес ретінде болуы бұл экономикаға қатты араласып отыр деген сөз емес, қайта нақты бір салада көшбасшылық кейіпке еніп нақты салалардың дамуына үлес қосу болып табылады. Сонымен қатар мемлекеттік әріптестіктің болуы үлкен табыс алып келе бермейтін, әлеуметтік саланың да дамуына өзіндік үлесін қосады.

**Түйінді сөздер:** әріптестік, шағын кәсіпкерлік, мемлекет және бизнес, мемлекеттік серіктестік.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстанның жаңа саяси бағыттарының бірі «ұлттық экономикамыздың жетекші күші – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау» екендігін айта отырып, «мемлекеттік-жеке меншік әріптестік принциптеріне негізделген сенімді диалог құру үшін бизнесті топтастыруды жалғастыру керек, ол бұл жаңа стратегияны іске асыруда кең ауқымды және барлық кәсіпкерлердің тартылуы міндетін шешіп береді» деп көрсеткен болатын [1].

Сондай-ақ, Елбасы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылдың 31-қаңтарында ел халқына жолдаған жолдауында үшінші жаңғырудың 5 басымдығын атап көрсетті. Солардың ішіндегі екінші басымдық – бизнес ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейтудің бірі қыры ретінде кәсіпкерлікті

дамытуға мемлекет-жекеменшік серіктестік аясын кеңейтуді тапсырды [2].

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік – әлеуметтік инфрақұрылым мен нысандарды қаржыландыру, құрылыс, қалпына келтіру, қайта құру және пайдалануға негізделген мемлекет пен кәсіпкер арасындағы ынтымақтастық.

**Тәжірибелік бөлім.** Әлемдік тәжірибе мемлекеттік ресурстардың шектеулігі жағдайларында объектілерді құру, жаңғырту, ұстау және пайдалану үшін қажетті қаржылық базаны қамтамасыз етудің баламалы құралдарының бірі МЖӘ тетігі болып табылатынын көрсетіп отыр.

МЖӘ тетігін пайдаланған кезде мемлекет пен жеке сектордың өзара пайдалы ынтымақтастығының тиімділігін арттыру, ұсынылатын қызметтер сапасын көтеру, экономиканы әртараптандыру үшін қажетті инфрақұрылымды жеделдетіп жаңғырту мүмкіндігі пайда болады.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес нақты елде МЖӘ-ні дамыту үш кезеңді білдіреді: дайындау, енгізу және жетілдіру. Дайындау кезеңінде мемлекеттер халықаралық тәжірибені зерделейді, қолданыстағы заңнамаға талдау жасайды, МЖӘ саласындағы жалпы мемлекеттік саясатты айқындайды және кей уақытта пилоттық жобаларды іске асыруды бастайды. МЖӘ-ні енгізу кезеңі мынадай бірқатар шараларды болжайды: заңнаманы қалыптастыру, әдістемелік нұсқаулықтар мен басшылықтарды әзірлеу, МЖӘ-нің мамандандырылған органын құру, МЖӘ-ні қолдану аясын кеңейту және т.б. Жетілдіру кезеңі МЖӘ саласындағы белсенділіктің өсуімен және жобалардың күрделілік деңгейінің артуымен сипатталады. Осы кезең заңнаманы, сондай-ақ МЖӘ жобаларын іске асыру үлгілерін одан әрі жетілдіруді болжайды.

Осы уақытта Қазақстанда дайындық кезеңі өтті және МЖӘ-ні енгізу үдерісі басталды («Концессиялар туралы» Заң қабылданды, концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым құрылды, концессиялық жобаларды іске асыру басталды, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заң қабылданды).


Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы құқықтық базаның нағыз эволюциясы 2015 жылғы 31 қазанда жарияланған № 379-V ҚРЗ «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (одан әрі «МЖӘ туралы» Заң) болып табылады.

Осы Заң мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің құқықтық жағдайларын, оның жүзеге асырылу тәсілдерін айқындайды және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын дайындау мен іске асыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу, орындау және тоқтату процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді [3].

«МЖӘ туралы» Заң күшіне еңген кезден бастап, жергілікті атқарушы органдар жергілікті деңгейдегі МЖӘ жобаларын «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасына енгізуге мүмкіндік алды. Бұл бағдарламада мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары шеңберінде субсидиялау және несиелер бойынша кепілдік беру құралдарын қолдану және тұрақты негізде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларында қатысу бойынша бизнеске сервистік қолдау көрсету көзделген.

Сонымен бірге, республикалық және жергілікті деңгейлерде 2016-2018 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту жөніндегі Жол карталары қабылданды.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Бүгінгі таңда қабылданған заңнамалық және жүйелі шараларды ескере отырып, өңірлердің белсенділігі күшейе түсті және өңірлерде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын әзірлеу және іске асыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасында 162 өңірлік мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобалары жоспарланып отыр. Олардың басым бөлігі білім беру, денсаулық сақтау, көлік, спорт және ТҮКШ салаларына тиесілі.




1-сурет. Қазақстан Республикасында 2016-2018 жж. жоспарланған және жүзеге асырылу барысындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары

Жобалардың басым бөлігі мегаполис Алматы қаласына тиесілі екені айқындалып отыр. Оны өңірдің қарқынды өсуі мен экономикасының әртараптылығымен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, жергілікті бюджеттің көлемі үлкен рөл атқарады, себебі мемлекеттік әріптестің бастамасымен жүзеге асырылатын жобалардың сомасы жергілікті бюджеттің мөлшерінің 2-3 пайызынан аспауы тиіс.

Қазіргі уақытта, Ұлттық экономика Министрлігінің мәліметтері бойынша Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру сатысында 30 жоба бар, оның ішінде 2016 жылы өңірлік деңгейде 27 жоба бойынша 19,6 млрд. теңге сомасына мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты жасалған. Дайындықтың әр түрлі сатыларында 326 жоба, оның ішінде 303 жоба өңірлерге тиесілі. 249 жоба тұжырымдаманы/концессиялық ұсынысты әзірлеу сатысында тұр. 2016 жылға жергілікті атқарушы органдарға 351,1 млрд. теңге мөлшерінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау лимиттері жеткізілген [4].

Өңірлерде жүзеге асырылатын мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларының салалар бойынша жіктемесіне келетін болсақ, олардың басым бөлігін білім беру саласындағы объектілер қамтиды. Оның себебі өңірлердегі мемлекеттік білім беру мекемелерінің, әсіресе бала бақшалары мен мектеп жасына дейінгі білім беру мекемелерінің, тапшылығына байланысты деп айтуға болады. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобалары қолданысының келесі бір саласы денсаулық сақтау болып табылады. Бұл салада көп салынатын объектілерге емханалар, стоматология орталықтары мен мектеп ғимаратындағы медициналық кабинеттер жатады [5].



2-сурет. Қазақстан Республикасында 2016-2018 жж. жоспарланған және жүзеге асырылу барысындағы МЖӘ жобаларының салалық бөлінісі

Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларының басым бөлігі білім беру және денсаулық сақтау салаларына тиесілі. Бұл жөнінде Елбасы жолдауда: «Бізде қазірдің өзінде оларды мектепке дейінгі білім беру ісіне тарту саласында жақсы нәтижелер бар. Өткен 3 жылда мемлекет 40 мың орынға налған 189 балабақша салса, жекеменшік сектор 100 мың орынға

арналған 1300 балабақша ашты. Жекеменшік балабақшалардың ең көбі Оңтүстік Қазақстан (397), Алматы (221), Қызылорда (181) лыстарында ашылды. Мен үшін осы сектордағы мемлекет-жекеменшік серіктестігінің үлгісі өте маңызды» – деп атап көрсеткен болатын [2].

**Қорытынды.** Бұл салалар әлеуметтік мәселелерді қамтығандықтан мемлекет үшін оларды шешкен үлкен маңыздылыққа ие. Осы салаларға жеке кәсіпкерлерді тарту олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін жүктейді және мемлекеттік басқаруға тікелей қатысуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту бойынша Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің бағытталуы мен принциптерінің нормативтік базасын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы кадрлық саясатты және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің институционалдық ортасын жетілдіру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде енгізілетін ақылы автомобиль жолдарын салуды жүзеге асыру қажет деп санаймын.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты //
2. Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
3. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V Қазақстан Республикасының Заңы.
4. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ресми сайты// <http://economy.gov.kz/kz/>.
5. «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» Акционерлік қоғамы // <http://kzppp.kz>.

**А.О. Мухаммедов<sup>1</sup>**, профессор, доктор экономических наук,  
**А. Шәріпбай<sup>2</sup>**, магистрант  
Университет Международного Бизнеса, г. Алматы, Казахстан

## **<sup>1,2</sup> Проблемы развитие малого предпринимательства через государственно-частного партнерства**

**Аннотация.** Сегодня, учитывая принятые законодательные и системные меры, активность регионов активизировалась, и в регионах ведутся масштабные работы по разработке и реализации проектов государственно-частного партнерства. В Республике Казахстан запланировано 162 региональных проекта партнерства между государственным и частным секторами. Большинство из них относятся к образованию, здравоохранению, транспорту и спорту. Часто слышим общественное мнение о том, что это увеличит долю государства в экономике и участие государства в экономике замедлит развитие экономики. Однако это не означает, что это сильное вмешательство государства в экономику, а скорее государства как лидер будет способствовать в развитие конкретных отраслей. В то же время, современные партнерские отношения вносят значительный вклад в развитие социальной сферы.

**Ключевые слова:** партнерства, малый бизнес, государства и бизнес, государственное партнерство

**A.O. Mukhammedov<sup>1</sup>**, Professor, Doctor of Economic Sciences,  
**A. Sharipbay<sup>2</sup>**, master

<sup>1,2</sup> University of International Business, Almaty, Kazakhstan

## **Problems of development of small enterprises through state-private partnership**

**Abstract.** Today, taking into account the adopted legislative and systemic measures, the activity of the regions has become more active, and large-scale works are being carried out in the regions to develop and implement public-private partnership projects. In the Republic of Kazakhstan 162 regional partnership projects between the public and private sectors are planned. Most of them relate to education, health, transport and sports. We often hear public opinion that this will increase the state's share in the economy and state participation in the economy will slow the development of the economy. However, this does not mean that this is a strong intervention of the state in the economy, but rather states as a leader will contribute to the development of specific industries. At the same time, modern partnerships make a significant contribution to the development of the social sphere.

**Keywords:** Partnership, Small Business, State and Business, Public Partnerships

МРНТИ 06.35.31

**А.А. Адамбекова<sup>1</sup>**, профессор, доктор экономических наук

**К.К. Умитханова<sup>2</sup>**, магистрант

<sup>1,2</sup> АО «Университет Нархоз», г. Алматы, Казахстан

## ПРОЦЕСС РЕФОРМИРОВАНИЯ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА В БАНКОВСКОЙ СИСТЕМЕ

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности реформирования бухгалтерского учета в банковской системе Республики Казахстан. Этапы развития организации бухгалтерского учета в банках второго уровня. Выявлены причины необходимости реформирования бухгалтерского учета, а так же последствия активного участия в банковской системе Национального Банка в период 1993-2002 гг. Указаны итоги совместной работы Национального Банка и представителей МВФ, первоначальный проект Нового плана счетов и перевод в июле 1994 года всей системы Национального Банка на параллельное ведение счетов как по действующему, так и по Новому плану счетов. Описывается процесс введения национальной валюты – тенге, его хронологическая последовательность и последствия, процесс разработки и утверждения формы финансовой отчетности для банков второго уровня, соответствующие международным стандартам. Процесс принятия Налогового кодекса, разработка которого предусмотрена в целях защиты интересов банков и страховых организаций. Проблемы перехода банковской системы на международные стандарты финансовой отчетности, и какое влияние оказали все выше перечисленные процессы на организацию бухгалтерского учета в банковской системе. Разработка методологической рекомендации для банков по организации и ведению бухгалтерского учета.

**Ключевые слова:** Национальный Банк, бухгалтерский учет, банковская система, финансовая отчетность, международные стандарты финансовой отчетности.

**Введение.** Любую банковскую систему страны можно уверенно назвать одной из основных кровеносных систем экономики фактически любой цивилизованной страны. Благодаря аккумулярованию свободных денежных ресурсов банки второго уровня занимают ос-

новополагающее место в экономике страны и оказывают колоссальное влияние на экономику в целом.

Работа по реформированию бухгалтерского учета в финансовом секторе Республики Казахстан началась с принятия 26 декабря 1995 года Указа Президента Республики Казахстан, имеющего силу Закона, «О бухгалтерском учете» № 2732. Данный Указ определил основные принципы и правила учета, необходимые для соблюдения всеми организациями в процессе ведения бухгалтерского учета и подготовки финансовой отчетности. С его принятием был осуществлен переход в 1995-1996 годах бухгалтерского учета совершаемых операций на метод начисления при признании доходов и расходов, в соответствии с которым, доходы признаются, когда они заработаны, а убытки, когда они понесены, а не тогда, когда деньги получены или выплачены. Данный метод является одним из главных принципов международных стандартов финансовой отчетности.

| 6. Демеушілік және инвестициялар – активтерге, компания, стартаптар: капитал, дивиденд, процент, рента құнын арттыру                         | Смарт келісім-шарттар, тіркеу, корпоративті қызметтерді жазып алу, автоматизация    | Инвестициялық банктер, венчурлі инвесторлар, заңгерлер, аудитор, меншікті басқару, қор биржалары  |
| 7. Сақтандыру және тәуекелді басқару – актив, баспана, өмір, денсаулық, коммерциялық меншік бизнес-практик                                   | Ақтуарлы тәуекелді анықтау, орталықтандырылмаған сақтандыру нарығы                  | Сақтандыру, заңды тұлғаларға банктік қызметтер, брокеринг, клирингтік палаталар   |
| 8. Құндылықтардың бухгалтерлік есебі   | Аудит, қаржылық есептіліктің ашықтығы   | Аудитор, активтерді басқару, бақылау органдары, реттеуші органдар   |

*Құндылықтарды сақтау.* Қаржы институттары жеке тұлғаларға, ұйымдарға, мемлекетке тиесілі құндылықтарды сақтаушы ретінде айқындалады. Орташа статистикалық азамат үшін банк құндылықты жинақ немесе ағымдағы шотта сақтайды. Ірі кәсіпорын үшін, бұл ретте қолма-қол балама үшін шағын пайыз кепілдігі және қол жетімді өтімділік қажет, мысалы, қысқа мерзімді құралдар нарығына немесе қазынашылық облигацияларға салынатын тәуекелсіз инвестициялар. Блокчейн арқылы жеке тұлғалар банктерге басты құндылықтар сақтаушы немесе жинақ және ағымдағы шоттар бойынша өкілі ретінде қызметіне жүргінуге тура келмейді, сондай-ақ, тәуекелсіз қаржы активтерін сатып алу мен оларды иеленудің неғұрлым тиімді тетігі пайда болады [2].

Қаржы институттары ипотекадан қысқа мерзімді вексельдерге дейін несие беруді жеңілдетеді: несиелік карталар, ипотекалық несиелер, ұжымдық, муниципалдық және мемлекеттік облигациялар, активтермен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар. Несиелеу несие қабілеттілігін, кредиттік тарихты жүргізуді тексеру, және несиелік рейтингтер орнату мақсатында бірқатар қосымша салаларды тудырды. Жеке тұлғалар үшін мұнда бәрінен маңызды несие тарихы, ұйымдар үшін кредиттік рейтингі маңызды [3].

*Құндылықтарды айырбастау.* Бүкіл әлем бойынша нарықтар күн сайын қаржы активтерімен жалпы құны триллион ақш долларын құрайтын айырбас операцияларын жасайды. Сауда-саттық – инвестициялау, хеджирлеу және арбитражды қоса алғанда, мәміле жасағаннан кейін жүзеге асырылатын клиринг циклы бойынша құндылықтарды сақтау және реттеу, биржадағы келісімшарттарды іске асыру мақсатында активтер мен қаржы құралдарын сатып алу мен сату болып табылады. Блокчейн кез келген транзакцияларды реттеу уақытын біршамаға қысқартады.

*Демеушілік және инвестициялар.* Активтерге, компанияға немесе жаңа кәсіпорынға инвестициялау капитал, дивиденд, пайыз құнын арттыру және олардың байланысы негізінде инвесторға пайда алуға мүмкіндік береді. Привлечение средств обычно требует посредников: например, инвестиционных банков, венчурных инвесторов, юристов. Қаржы саласы инвесторлар мен кәсіпкерлерді, компания иелерін барлық кезеңдері бойынша «бизнес-періштеден» IPO және т.б. бір нарыққа біріктіреді. Қаражат тарту әдетте делдалдарды талап етеді: мысалы, инвестициялық банктер, венчурлық инвесторлар, заңгерлер. Блокчейн олардың көптеген функцияларын автоматтандырады, тікелей пирингтік қаржыландыруға қажетті жаңа модельдер пайдалануды мүмкін етеді, сондай-ақ дивидендтерді жазба жасауға және купондарды төлеудің барынша тиімді болуын қамтамасыз етіп, ашық және сенімділігін арттырады [4].

*Құндылықтар сақтандыру және тәуекелдерді басқару.* Блокчейн орталықтандырылмаған сақтандыру моделін қолдайды және ол

туынды бағалы қағаздардың тәуекелдерін басқару әлдеқайда ашық бола түскенін дәлелдейді.

*Құндылықтарды бухгалтерлік есепке алу.* Бухгалтерлік есеп – экономикалық процестер мен қаржы қатысушылары туралы ақпаратты бұл өлшеу, өңдеу және беру. Бұл өте үлкен саланы аудиттің төрт алыбы бақылайды: Deloitte Touche Tohmatsu, PricewaterhouseCoopers, Ernst & Young және KPMG. Дәстүрлі бухгалтерлік есеп практикасы қазіргі заманғы қаржы жылдамдығы мен күрделілігін игере алмайды [5].

**Қорытынды.** Цифрлық экономика негізінде қаржылық институттар қызметін трансформациялау блокчейн технологиясының енгізілуімен тікелей байланысты. Блокчейнде кез-келген тұлға дәстүрлі борыштық міндеттемелерді тікелей айырбастауға және реттеуге мүмкіндік алады, осылайша шығындар мен тәуекелді төмендете отырып, жылдамдық пен ашықтығын арттырады. Бұл әсіресе бүкіл әлем бойынша кәсіпкерлер мен банктік қызмет көрсетумен қамтылмағандар үшін маңызды. Блокчейна бөлінген тіркелімі арқылы жүзеге асырылатын жаңа әдістері, нақты уақыт бойынша қаржылық есептілікті ашық жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ол қаржы реттеуші органдарының қызметін жеңілдетіп, корпорациялар ішкі құжаттарын толыққанды бақылап отыруға, қаржылық белсенділік мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Соломатин М.С., Сайбель Н.Ю. Роль цифровой экономики в развитии государства // Институциональные и инфраструктурные аспекты развития различных экономических систем: сб. ст. Международ. науч.-практ. конф. В 2 ч. 2017. С. 137-139.

2. Tapscott, D, (2014), *The Digital Economy Anniversary Edition: Rethinking Promise and Peril In the Age of Networked Intelligence*, McGraw-Hill, 2014. 448 p.

3. McAfee, P. Ferraris, D. Bonnet, C. Calmėjane and G. Westerman, “Digital transformation: A roadmap for billion-Dollar organizations,” MIT Sloan Management, 2011.

4. P. Azhari, N. Faraby, A. Rossmann, B. Steimel and K. S. Wichmann, “Digital transformation report,” neuland GmbH & Co. KG., Köln, 2014.

5. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [www.ifrasia.com/blockchain-will-make-dodd-frank-obsolete-bankers-say/21216014.article](http://www.ifrasia.com/blockchain-will-make-dodd-frank-obsolete-bankers-say/21216014.article).



**А.Н. Өтеген**, магистрант

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

## **Трансформация деятельности финансовых институтов на основе цифровой экономики**

**Аннотация.** Технологические возможности и ограниченность бюджетных средств государства, мировое усиление конкуренции на рынке финансовых институтов влияет на правильный выбор государственной финансовой политики и является главным приоритетом. Финансовый сектор развивается благодаря постоянному потоку новых новостей технологического развития, новых участников и новых возможности стали доступны для потребителей. В статье представлены несколько технологических усовершенствований в условиях цифровой экономики, что будет способствовать появлению изменений в деятельности общества и финансовых институтов. Цифровой экономика характеризуется активным внедрением цифровых технологий и практического использования информации во всех сферах человеческой деятельности путем сбора, хранения, обработки, преобразования. В линии с технологическими улучшениями, эволюционируя с увеличивая ускорением, мир, экономика и финансы сегодня переживают новую трансформацию. Эти технологические усовершенствования поставили под сомнение поставщиков финансовых услуг, с изменением способа покупки, продажи или ведения бизнеса. В цифровой экономике понятие «блокчейн» определяет хранение информации в системе. Эти технологии можно использовать в банковской системе и иных сферах. Финансовые институты могут применять криптографические профили, что позволит установить полнофункциональные и защищенные электронные взаимодействия и доверительных отношений. Развитие цифровой экосистемы может стать движущей силой экономики, финансовой деятельности, улучшения условий ведения бизнеса, населения в разы цифровых знаний, повышение конкурентоспособности нации в целом. Кроме того, результаты трансформации деятельности финансовых институтов, под влиянием блокчейн представлены в статье.

**Ключевые слова:** цифровая экономика, финансовые институты, блокчейн, трансформация, финансовые транзакции, конвертации ценностей.

**A.N. Otegen**, undergraduate  
Kazakh national University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

### **Transformation of financial institutions activities based on the digital economy**

**Abstract.** Technological capabilities and budget constraints of the state, the global increase in competition in the market of financial institutions affect the correct choice of public financial policy and is a top priority. The financial sector is developing due to the constant flow of new technological development news, new participants and new opportunities have become available to consumers. The article presents several technological improvements in the digital economy, which will contribute to the emergence of changes in the activities of society and financial institutions. In line with technological improvements, evolving with increasing acceleration, the world, economy and finance are now undergoing a new transformation. These technological improvements have challenged financial service providers to change the way they buy, sell or do business. In the digital economy, the concept of "blockchain" defines the storage of information in the system. These technologies can be used in the banking system and other areas. Financial institutions can apply cryptographic profiles that will allow you to install a fully functional and secure electronic communication and trusted relationships. The development of the digital ecosystem can become the driving force of the economy, financial activity, improvement of business conditions, the population at times of digital knowledge, improving the competitiveness of the nation as a whole. In addition, the results of transformation of financial institutions under the influence of blockchain are presented in the article.

**Keywords:** digital economy, financial institutions, blockchain, transformation, financial transactions, value conversion

**М.М. Алиева<sup>1</sup>**, аға оқытушы

**Ш.К. Алимжанова<sup>2</sup>**, аға оқытушы

<sup>1,2</sup> «Нархоз» Университеті» АҚ, Алматы қ., Қазақстан

## **САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ САЯСАТЫНДАҒЫ ОРНЫ**

**Түйіндеме.** Мақалада салық жеңілдіктерінің экономикалық мәні және олардың еліміздің салық саясатында алатын орны туралы біршама материалдар қарастырылды. Әлемдік экономика күн өткен сайын ашық және динамикалық тұрғыда дамуда, ал бәсекелестік қатаңдауда, сондықтан, ұлттық экономиканы бәсекелестікке қабілетті мықты және сауатты салық саясаты негізінде жүргізу – бүгінгі күннің маңызды мақсаты. Экономиканың жұмыс істеу тиімділігі және бөлек шаруашылық субъектілердің экономикалық қызметінің тиімділігі тікелей салық жүйесінің қызметіне, оның ішінде салықтық жеңілдіктер жүйесінің нәтижелілігіне байланысты.

Қазіргі уақытта басымды бағыт ретінде жоғарғы технологиялық өндірістер енгізу, экономиканы жаңғырту және инвестициялар тарту болып табылады. Қазақстанда осы мақсаттарға байланысты біршама жаңа жеңілдіктерде салық заңына енгізілген. Салық жеңілдіктерінің бюджеттік тиімділігі, жалпы жеңілдіктерді қолданғанда бірнеше жылдар аралығында мемлекеттік бюджет жоғалтатын салықтар көлемі негізінде және осыған байланысты салық төлеушілердің салық базасының кеңеюі және олардың санының көбеюі, өндірілген немесе шығарған өнім көлемі және т.б. салық салу объектілерінің көбеюін салыстыру арқылы жүргізілетіні туралы жолдары көрсетіледі.

**Түйінді сөздер:** салық, салық жеңілдіктері, салық саясаты, салық ерекшеліктері, инвестициялық салық преференциялары.

**Кіріспе.** Мемлекет Басшысының «Стратегия «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Салық ерекшеліктері мәселелерін шешу үшін мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүргізудің тікелей маңыздылығы және әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттік ықпал етудің бөлігі ретінде салықтық құралдардың жүйелі тиімділігін бағалау қажеттілігі атап өтілді [1].

Негізгі макроэкономикалық параметрлерге ықпал ететін факторлардың бірі болып реттеу процесінде салық құралдарын белсенді пайдалану және қоғам, жеке тұлғалар мен мемлекеттегі әр

түрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымдар мүдделерімен келісуді қамтамасыз ететін әлеуметтік теңестіру болып табылады.

Салық қарым-қатынастары, олардың табиғаты мен сипаты, жұмыс істеу тетігі барлық уақытта экономист-ғалымдардың зерттеу пәні болып табылады, өйткені салықтық қатынастарда кез келген экономиканы мемлекеттік реттеу қамтылған.

Алайда осы уақытқа дейін әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеу мақсатында рационалды салықтық қатынастарды құру мәселесі экономикалық теория және практикада барлық уақытта ең өзекті болып қала береді.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде, салықтық қатынастар, экономиканы салықтық реттеу қажеттігі мәселелеріне жеткілікті көп назар аударылды. Бұл ретте барлық ғалымдар салықтық реттеудің әлеуметтік-экономикалық маңызын атап көрсетеді.

Салық қатынастарының әлеуметтік-экономикалық табиғаты және олардың қоғамның экономикалық өміріне әсер етуі туралы теориялық зерттеулерді В. Петти, А. Смит, Д. Риккардо, Самуэльсон, А. Маршалл, Мэнкью, Дж. Кейнс, Тайбута сияқты және т. б. шетелдік танымал экономистер жүргізді [3].

Сондай-ақ қазақстандық экономист-ғалымдар Салық қатынастарының табиғаты мен рөлі дамуына маңызды көзқарастарымен үлес қосты. Салық қатынастарының даму механизмі және олардың жекелеген элементтері отандық ғалымдар – А.Б. Зейнелғабдин, К.К. Ильясов, В.Д. Мельников, Н.К. Кучукова, В.Д. Ли, А.А. Нұрымов, З.Д. Искакова, М.Х. Тусеева, Г.Т. Қалиева, М.Т. Оспанов, А.К. Кошанов, Ф.С. Сейдахметовалардың ғылыми еңбектерінде зерттелді, олар қоғамның экономикалық өміріне салықтық қатынастар әсерін әр түрлі ұстаным тұрғысынан бағалады.

Аталған жұмыстарды зерттеу салықтық қатынастар мәселелерін зерттеуде белгілі бір жетістіктер туралы көрсетеді. Бірақ аталаған мәселе бойынша ғылыми әзірлемелердің едәуір санының болуына қарамастан, салық қатынастарындағы әлеуметтік-экономикалық аспектілерінің бір бөлігі жан жақты зерттелмеген. Бұл, атап айтқанда, әлі күнге дейін салық қатынастарын дамытудың ғылыми түрде негізделген механизмі жасалмаған.

Соның ішінде бюджет процесінде салықтық жеңілдіктер туралы ақпаратты пайдалану, мемлекеттің нормативтік актілерінде салықтық ерекшеліктерді жіктеу және оларды қолдануды тиімді бағалау мәселелері өз орнын таба алмады.

Танымал экономист А. Смит «Халықтар байлығының табиғаты және себептері туралы зерттеу» еңбегінде былай деп жазды:

«Мемлекет құзырындағы тұлғалар мүмкіндігінше үкіметті қамқорлығына алуда өз қабілеттері мен күштеріне сәйкес қатысуы

тиіс, яғни, мемлекет қамқорлығында және қорғауында қандай жеңілдіктерді пайдалана алуы пайдасына сәйкес.

Әрбір жеке тұлғаны төлеуге міндеттейтін салық еркін түрде емес, нақты анықталған болуы тиіс.

Төлеу мерзімі, төлем жолдары, төлем сомасы – мұның барлығы салық төлеуші үшін де басқа да кез келген басқа тұлға үшін де нақты әрі айқын болуы тиіс.

Бұл жоқ жерде осы салық салынатын әрбір адам салықтарды жинаушылардың билігіне қандай да бір дәрежеде тәуелді, ол өзіне ұнамаған кез келген төлеуші үшін көбірек салық салуы мүмкін немесе сыйлық, пара алу қауіпі туындауы мүмкін.

Салық салудағы белгісіздік жауапсыздықты дамытады және, егер жауапкершілігі мен ақшаға сатылушылығымен ерекшеленетін адамдар қатарының көбеюіне ықпал жасайды.

Әрбір салық төлеуші салықты қашан және қалай төлеу ыңғайлы болғанда төленуі тиіс. Әрбір салық мемлекеттік қазынаға аз төлесе де халықтан ұстап қалу ойластырылып әзірленген болуы керек. Әр салық халық қалтасынан мемлекеттік қазынаға берген көлемінен артық ұсталмауы тиіс, ал қажеттіліктен артық салық ұсталғанда мынадай жағдайларға әкелуі мүмкін:

біріншіден, шамадан артық салықтың жиналуы шенеуніктердің санының көбеюіне мүмкін жасайды, ал сол жиналған соманың көп бөлігі олардың жалақыларына кетеді, және олардың арасында халықты бопсалау жағдайлары орын алған жағдайда халыққа қосымша ауыртпалық түсуі мүмкін;

екіншіден, ол көптеген адамдардың күнкөрісіне қаражат және жұмыс беретін халықтың қандай да бір кәсіпшілікпен айналысуына кедергі келтіріп, еңбегіне қосымша қиындық тудыруы мүмкін. Халықты төлеуге міндеттей отырып, олар, оңай төлем төлейтін қорларды азайтып немесе тіпті жойып жіберуі мүмкін;

үшіншіден, салық төлеуден жалтаруға тырысқан кедей адамдарды тәркілеу және басқа да жазалау шараларын қолдану, көбінесе оларды түксіз қалуына әкеп соқтырады, осылайша, қоғам үшін олардың азда болса кәсіпке салатын капиталдарының қосымшаларынан алуға болатын пайданы жойып жібереді» [2].

Сонымен, келтірілген дәйекті сөздерден төрт негізгі қағидатты шығаруға болады, ол салық жүйесіне қатысты және салық ерекшеліктерін қолдану бойынша осы күнге дейін маңыздылығы бар:

1) жалпыға салық салу бірдейлілігі және табыстары мөлшерлес азаматтар арасындағы салықты біркелкі төлеуге дәлелдейтін әділдік қағидаты;

2) төлеушіге төлем сомасы, төлем амалдары және уақыты дәл және алдын ала белгілі болуын талап ететін айқындылық қағидаты,;

3) төлеуші үшін неғұрлым ыңғайлы уақытта және ыңғайлы амалдар арқылы алынуы тиіс салықты қарастыратын қолайлылық қағидаты;

4) салықты алуда шығындарын қысқартумен, салық салу жүйесін ұтымды етумен анықталатын үнемдеу қағидаты.

**Тәжірибелік бөлім.** Бүгінгі күні отандық салық жүйесі қалыптасқан деп айтуға болады, бірақ, соның ішінде салық ерекшеліктер тәртібінің қолданылуы әліде классикалық принциптермен толық сипатталмайтынын айта кету керек.

Осының салдарынан Қазақстан экономикасында Салықтық жеңілдіктерді қолдану мәселелері, сондай-ақ олардың экономика субъектілерінің қызметіне ықпал етуі экономикалық өсуді ынталандыруда салықтық тетіктерді қолдану тәжірибесін ғылыми негіздеме үшін зерттелуі тиіс.

Қолданыстағы ҚР Салық ерекшеліктері және Салықтық жеңілдіктер тізімін құрастыру үшін базалық салық салу режимінің шарттары болуы тиіс, өйткені, салық салу режимінен заңмен белгіленген нақ осы ерекшелік Салық ерекшеліктері болып табылады.

Мысалы, корпоративтік табыс салығы (КТС) және қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша салық салу базасын осы зерттеудің мақсаттары үшін қолдандық:

– салық салынатын табыстан 20% мөлшерінде алынатын КТС көптеген салық төлеушілерге арналған салық төлеушінің барлық табыстары мен салық төлеуші шығыстары арасында есептелетін айырма ретінде есептеліп алынатын салық. Төлем көзінен ұсталатын КТС үшін және бейрезиденттердің таза табысынан ұсталатын КТС ставкалары ҚР Салық кодексінің және Салық конвенцияларының ерекше ережелерінің негізінде салық мөлшерлемені азайтуды есепке алынбай, отандық негізгі салық төлеушілерге қолданылатын КТС мөлшері қолданылады;

– базалық режим тәртібінде 12% мөлшеріндегі ҚҚС салық төлеушінің барлық айналымдарына қолданылатын және сатып алушылардан алынған ҚҚС арасындағы айырма түрінде есептеледі. Сондай-ақ, экспорттау кезінде және халықаралық та-сымалдар бойынша ҚҚС-ын есептеуде нөлдік ставканы қолдану базалық салық салу режиміне жатқызылған, сондай-ақ ҚҚС салық салынатын айналымдарды анықтау ҚР Салық кодексінің 236 бабында айқындалған тауар, жұмыс немесе қызмет түріне қарай іске асырады. Сондай-ақ ҚҚС есептеп алу мақсаттары үшін импортталған тауарларға ҚҚС, базалық салық салу режимінде барлық импорт көлемінен 12% ҚҚС есептеліп алынады.

Салық ерекшеліктер рөлін түсіну үшін базалық салықтағы барлық ерекшеліктер Салық жеңілдіктері болып табылмауы маңызды

негіздердің бірі болып табылады. Кейбір мұндай ерекшеліктер функционалдық сипатқа ие әрі салықтарды экономикалық ның объективті бір бөлігі болып табылады, немесе бір объектіге салық салынғаннан қосарланған салық салуды жою механизмі болып табылады.

Осыған байланысты, осы зерттеуде сипаттау кезінде барлық салық салу базалық режимінің ережелерінен ерекшелінетін «Салық ерекшеліктері» термині қолданады. Осы зерттеуде Салық кодексінде белгіленген салықтық ерекшеліктер және оларды қолдану принциптерін жіктеуді тек содан кейін ғана анықтау салық алуда қандай жұмыс түрлері, бағалау тиімділігін анықтау мақсаттары үшін мәні бойынша Салық жеңілдіктері болып табылатын Салықтық ерекшеліктер анықталады.

Әлемдік тәжірибені зерттеулер көрсеткендей, қазіргі уақытта әрекет ететін салықты ынталандыру құралдары шетелде экономиканың нақты секторын дамытуға бағытталған кейбір жағдайларда өзінің өміршендігін дәлелдейді.

Бұл ретте айта кету керек, Қазақстан экономикасы өзінің табиғаты бойынша жарқын әлеуметтік-экономикалық бағытқа ие әрі өз қағидаттары бойынша дамыған елдердің экономикасын реттейтін халықаралық стандарттарға барынша сәйкес.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Қазақстанның салық жүйесінің қалыптасуы еліміздің мына ерекшеліктеріне негізделеді: еліміздің географиялық жағдайына, табиғат байлықтарын өткізуге негізгі нарықтардың болмауына, аумағы және халық санының арақатынасының бірегейлігіне, Қазақстанның әлемнің ең дамыған елдер қатарына кіруге бағытталған іске асырылатын стратегиялық бағытымен.

Бұның барлығы Қазақстанның салық жүйесін дамытуда тікелей көрініс тапқан және салық ерекшеліктерін қолдануға әсер етеді. Салық жүйесін дамытудың аталған объективті принциптерінен басқа Қазақстан үшін Салық ерекшеліктерін қолдану мысалдары ретінде Ресей Федерациясы, Еуропалық елдер мен Азия-Тынық мұхит аймағы елдеріне қатынасты болып табылады.

2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР Салық кодексіндегі Салықтық жеңілдіктерді ескере отырып, ондағы бастапқыдағы және кейінгі өзгерістер көбінесе ЭЫДҰ-ның салық жүйесі ұсынған, экономикалық өсуді ынталандыру шарттарына сәйкес енгізілгені белгілі.

Сонымен қатар салық жүйесіне кері әсер ететін Салықтық жеңілдіктерді де атап өту қажет. Салық жеңілдіктерін беру бюджеттік қаражаттарды жұмсауға әкеп соқпағанмен, бұл шаралар, әдетте, бюджет кірістерін қысқартады, яғни, мемлекет алдына қойған міндеттерін шешу үшін қол жетімді ресурстар көлемін азайтады.

Салық жеңілдіктері кейбір мағынада бюджет шығындарына

сәйкес болады сондықтан оларды қолдану, әсіресе қолдану аумағы кең болған жағдайда олардың қажеттілігі және тиімділігі дәлелді болуы керек.

Салық жеңілдіктерін беруге белгілі бір әлеуметтік және тарату міндеттерін (мысалы, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына қолдау көрсету, қайырымдылық қызметі), белгілі бір экономикалық белсенділік түрлерін ынталандыру (мысалы, негізгі құралдарға, ауыл шаруашылығы өндірісіне инвестиция), экономикалық өсу, оның ішінде жекелеген салаларда (мысалы, инновациялық технологиялар) жиі шешуге бағытталған. Сонымен қатар, салықтық жеңілдіктерді енгізу экономикалық немесе әлеуметтік сипаттағы нақты дәлелдермен, сондай-ақ үнемі оларды қолдану тиімділігін талдау арқылы бақылауда болады [3].

Салық жеңілдіктерінің болуы оны теріс пайдалануға да түрткі болады. Әдетте, жеңілдіктерді қолданушы үміткер салық төлеушілерден өз әрекеттерінің тиісті құжаттамалық растауды талап етіледі. Бұл ретте салықтық жеңілдіктері, әдетте, салықтық әкімшіліктендіру және салық заңнамасының талаптарын орындауды айтарлықтай күрделендіре түседі. Сонымен қатар, салық жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін салық органдары салықтық жеңілдіктер ұсынылатын әкімшілікпен шамадан тыс айналыспауы маңызды, бұл кіріс жинаудан тұратын олардың негізгі міндетіне үлкен кедергі болуы мүмкін.

Салық органдарына тексеру қажеттілігіне байланысты ұсынылған мәліметтер бойынша салықтық әкімшілендіру шығындары өсіп жатыр. Дегенмен, теріс пайдалану мүмкіндігі толығымен жоққа шығарылмайды, бұл салықтарды төлеуден жалтаруға кеткен күреске жұмсалған мемлекет шығындарына қатысты қосымша бұрмалауға және әлеуметтік шығындарға әкеледі.


Мысалы, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес енгізілетін ШОБ-ті салықтық тексеру мораторийі оның дамуына айтарлықтай оң әсер ететінін көрсетті. Барлық импорттық және экспорттық мәмілелер бойынша трансферттік бағаны белгілеу бойынша бақылаудың, оның ішінде ШОБ жаппай кез келген мұндай мәміленің болуы тиісті мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда әкеледі және Қазақстан Республикасындағы бизнесті және инвестициялық климатты дамытуға кері әсер ететінін теріс мысал ретінде айтуға болады.

Ашықтық, қарапайымдылық, тұрақтылық және сенімділік сияқты басқа да сапалық сипаттамалармен қатар салық заңнамасын және салықтық әкімшілендіруді қолдануда салық жүйесіне қойылатын негізгі талаптар болып табылады, сәйкес келмеген кезде оның тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіретін проблемалар туындайды [4].



Соңғы жылдары салық жүйесі шеңберінде қалыптасқан шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін ынталандырудың негізгі элементі ретінде салықтар мен алымдар бойынша жеңілдіктер белгілеу болып табылады.

Салықтық жеңілдіктер осы уақытқа дейін салықтың бір элементі болса да, Қазақстан Республикасында бірыңғай терминологиялық анықтау берілмеген. Оларды тар және кең мағынада қарастырған жөн (1-сурет).




1-сурет. Тар және кең мағынада салықтық жеңілдіктердің ұғымы

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Салықтық жеңілдіктерді белгілеу ҚР Салық Кодексінде бекітілген негізгі қағидаттарды қадағалаумен жүзеге асырылады:

- салықтық жеңілдіктер салық төлеушілерге тек қана ҚР Салық кодекс арқылы ғана берілуі мүмкін;
- салықтық жеңілдіктер салық төлеушілер санаттарына ғана белгіленеді;
- салықтық жеңілдіктер салық төлеушілерге тең жағдайда беріледі;
- салықтық жеңілдіктерді қолдану барысында салық төлеушілер тең құқықты болуы.

Салықтық жеңілдіктер берудің негізгі мақсаттары:



2-сурет. Салықтық жеңілдіктер берудің негізгі мақсаттары

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Қолданыстағы салықтық жеңілдіктер мемлекет қолданылатын экономикалық жүйеге тікелей тәуелді.

Мемлекет Басшысының Жолдауына сәйкес салық жүктемесі экономиканың барлық шикізаттық емес салаларына азайтылып және жер қойнауын пайдаланушыларға қарастырылуы Қазақстанға қысқа мерзімде қаржы дағдарысына байланысты қойылған қиын кезеңді

жеңуге мүмкіндік берген. Көптеген салықтық жеңілдіктер 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген және бүгінгі күнге дейін данылып келеді.

Қазақстан Республикасының салық жүйесі түрлі бағыттағы бір-қатар салықтық жеңілдіктерді қамтиды.

Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі қолданыстағы салықтық жеңілдіктердің негізгі түрлеріне келесі салықтық жеңілдіктерді жатқызуға болады:

инвестициялық салық преференциялары - бұл салынған инвестицияны қайтару кезеңінде корпоративтік табыс салығын төлеуден босатуды ұсыну бойынша жеңілдік, ол реконструкциялауға, жаңғыртуға инвестиция объектілерін және кейінгі шығыстар құнынан шегерімге жатқызылумен анықталады.

Инвестициялық салық преференциялары – қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдалануға арналған өндірістік ғимараттары, машиналар мен жабдықтар құнының шегерімге жатқызу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының жеңілдік алу құқығы. Инвестициялық салық преференциялары қарастырылған Преференцияларды стандарттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы классификаторының секциясы қарастырған қызмет түрлері бойынша беріледі.

Мысалы, корпоративтік табыс салығы бойынша инвестициялық салық преференциялары сатып алу немесе негізгі құралдарды құру, жеделдетілген шығыстарды шегеру инвестициялық жобалардың өзін-өзі ақтау мерзімін жақсартады және активтерді жедел жаңартуды жүргізуге мүмкіндік береді.

Арнайы Экономикалық аймағының аумағында қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін корпоративтік табыс салығын мөлшерлемесін 100%-ға азайту Қазақстан Республикасының нақты аймақтарында жаңа өндірістерді құруға ықпал етті.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесін 70%-ға азайту, ауыл шаруашылығын дамытуды ынталандырды. Бұл ретте қосылған құн салығы шаруалар үшін нақты төлеу сомасынан 70 пайыз азайту бюджеттен жасырын субсидия беру болып табылады.

Пайдалы қазбаларды өндіру салығының (ПҚӨС) мөлшерлемесін Қазақстан зауыттарына мұнай жеткізу бойынша 50%-ға азайту қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарының (МӨЗ) шикізатпен толтыруды қамтамасыз етуге ынталандырады.

Елеулі салықтық жеңілдіктер шағын орташа бизнес үшін жасалған. Мемлекет бірқатар Арнаулы салық режимдерін белгіледі, олар салық салу базалық режимімен салыстырғанда шағын орташа бизнес өкілдеріне салық жүктемесінің деңгейін бірнеше есе төмен-

детеді.

Ең елеулі салықтық жеңілдіктер өзінің жиынтық көрінісі бойынша оның экономикадағы жүйе құрушы рөлін ескере отырып, экономикада қаржылық сектормен ұсынылған және дағдарыстан кейінгі кезеңде оның тұрақтылығын ұстау үшін енгізілген.

**Қорытынды.** Сонымен, Қазақстанда халықтың кәсіпкерлікпен айналысуға ынтасы зор және күннен күнге өсіп келеді, дегенменде, салық заңының төңірегінде берілген жеңілдіктерді немесе босатуларды белсенді түрде әлі де жай халық, тұтынушылар дұрыс білмегендіктен әліде шағын орта бизнес қатарының даму әлеуеті

Осыдан шығатын қорытынды, бүгінгі күні қолданыстағы салық жеңілдіктері салықтөлеушілердің қызметін ынталандыруға бағытталған және бұл жеңілдіктер әліде сақталуы тиіс, бірақ, еліміздің даму деңгейіне қарай оларды жетілдіру қажет.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.А. Стратегия «Қазақстан-2050».
2. Ануфриева Е.М. Критерии эффективности налоговых льгот // Модели, системы, сети в экономике, технике, природе и обществе. – 2014. – № 4 (12). – С.7-12
3. [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz)
4. ҚР Салық Кеңесшілер Палатасының материалдары, 2013-2016 жж.

**М.М.Алиева<sup>1</sup>**, старший преподаватель  
**Ш.К.Алимжанова<sup>2</sup>**, старший преподаватель  
Университет Нархоз, г. Алматы, Казахстан

### **<sup>1,2</sup> Экономическая сущность налоговых льгот и их место в налоговой политике Республики Казахстан**

**Аннотация.** В статье рассматривается экономическая ценность налоговых льгот и их место в налоговой политике страны. Мировая экономика становится все более прозрачной и динамичной, а конкуренция ужесточается, поэтому национальная экономика основана на сильной, компетентной налоговой политике, которая является курентоспособной. Эффективность экономики и эффективность экономической деятельности отдельных хозяйствующих субъектов напрямую зависят от деятельности налоговой системы, в том числе

от эффективности системы налоговых льгот. В настоящее время приоритетным направлением является внедрение гичных отраслей, модернизация экономики и привлечение инвестиций. В Казахстане есть новые налоговые льготы, которые включены в налоговое законодательство.

Бюджетная эффективность налоговых преференций основана на сумме налоговых вычетов в течение нескольких лет при использовании общих льгот, и в связи с этим расширение и увеличение налоговой базы налогоплательщиков и рост количества налогоплательщиков, объем выпускаемой продукции и в целом указываются некоторые пути эффективности применения налоговых льгот от увеличения объектов налогообложения.

**Ключевые слова:** налоги, налоговые льготы, налоговая политика, налоговые функции, инвестиционные налоговые преференции.

**M.M. Alieva**<sup>1</sup>, Senior Teacher  
**Sh.K. Alimzhanova**<sup>1</sup>, Senior Teacher  
<sup>1, 2</sup> University Narxoz, Almaty, Kazakhstan

### **The economic essence of tax benefits and their place in the tax policy of the Republic of Kazakhstan**

**Annotation:** The article considers economic value of tax benefits and their place in the country's tax policy. The global economy is becoming more transparent and dynamic, and competition is tightening, so the national economy based on strong and competent tax policy that must be competitive. The efficiency of the economy and efficiency of economic activity of individual economic entities directly depend on the activities of the tax system, including the effectiveness of the system of tax incentives. At present, the priority direction is the introduction of high-tech industries, economic modernization and investment attraction. In Kazakhstan, there are new tax incentives, which are included in the tax legislation. Budget efficiency of tax preferences is based on the amount of tax deductions for several years at the use of general benefits, and in this regard, the expansion and increase in the tax base of taxpayers and growth up of taxpayers, the volume of output and in general, some ways of efficiency of applying tax incentives from the increase in facilities taxation.

**Keywords:** taxes, tax incentives, tax policy, tax functions, investment tax preferences.

**Д.Б. Муратова**<sup>1</sup>, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қаржы»  
кафедрасы

**Д.А. Джунусова**<sup>2</sup>, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қаржы»  
кафедрасы

<sup>1,2</sup>М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

## **АЙМАҚТЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТКЕ ТҮСЕТІН САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ**

**Түйіндеме.** Қазақстан Республикасының салық жүйесі қазіргі уақыттың талабына сай қарқынды дамушы және өзгермелі бола тұрып, мемлекеттің экономикасының тиімділігін арттыруға бағытталған. Қазақстан Республикасының салық жүйесі экономикалық басқару құралы ретінде көптеген жылдар бойы қолданылмай келгені баршаға аян. Бұл мақалада жергілікті бюджеттің мемлекеттік бюджетке салық түсімдерінің қозғалысы талданған және Қазақстанның экономикасын тиімді ынталандыруға бағытталған.

Салықтар мемлекеттің пайда болуымен бірге пайда болды және оның құрылымы қаржылық негіз болып табылады. Салықтардың басқа да көптеген түсімдерден ерекшелігі мемлекет белгілеген (мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан және өзге де арнайы аударымдардан және төлемдерден) айырмашылығы олардың мемлекеттік және қоғамдық қажеттіліктерінің кең ауқымын қаржыландыру үшін кейінгі «нақтылығы» болып табылады. Экономиканы басқару және мемлекеттік реттеу жүйесінде салықты пайдалану салық, салық салу және салық қызметі органдарының түрлерін біріктіретін кіріктірілген салық жүйесін қолдана отырып жүзеге асырылады.

**Түйінді сөздер:** салық жүйесі, бюджетке түсетін салықтық түсімдер, әлеуметтік-экономикалық жағдай, республикалық бюджет, қаржы.

**Кіріспе.** Салықтар баршамызға белгілі көптеген ғасырлар бойы қоғамның экономикалық базалық құрамы және мемлекеттің кірісін қалыптастырудың маңызды қаржылық құралы ретінде қолданылып келеді. Теориялық жағынан салық салу жүйесі – қоғамның әлеуметтік құрылымын танып білудің шартты жағдайы және объективті қажеттілігі.

Салықтар мемлекетпен бірге пайда бола отырып, шаруашылық субъектілері арасындағы экономикалық байланыстардың негізгі объектісі бола алады. Бұл өзара байланыстар күрделі де қарама – қайшы сипатқа ие, өйткені салық жүйесі саласында әртүрлі бағыттағы мүдделер орын алады: мемлекет, кәсіпорын және жеке тұлғалар. Салықтар мен салық салу үрдісі туралы қандай да бір ой туындаса немесе ол жан-жақты зерттелетін болса ең алдымен ол экономикалық, қала берсе құқықтық тұрғыда қарастырылатыны баршаға мәлім. Өйткені, салық ең бірінші экономикалық категория болып табылады. Дегенмен, экономикалық және әлеуметтік мақсаттар өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары бола тұра екеуі бір – бірімен байланысқан егіз ұғым. Өйткені, қандай да бір экономикалық іс-әрекет әлеуметтік саясатқа байланысып отырады. Бюджеттің барлық жиынтығы экономикалық қатынастар мен заңды нормаларға негізделі келіп бюджет тобын қамтиды. Негізгі қоржын заңнамаларына сәйкес бюджеттің барлық түрлері дербес деп танылады. Төтенше мемлекеттік бюджет пен Ұлттық қор осы жүйеде қарастырылады. Жүйенің орталық орнын келесі қаржылық шаққа әлеуметтің заңымен бекітілген жоғарғы бөлік алады. Жаңа кодекске сәйкес республикалық бюджет салықтық және басқа түсімдер арқылы қалыптасатын, мемлекеттік биліктің орталық органдарының функцияларын қаржымен қамтып мемлекеттік саясаттың жалпы жоғары деңгейдегі бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қорының көзі [1].

Кодекс бойынша төтенше бюджет түсінігі де қарастырылады. Ол республикалық және жергілікті бюджеттердің негізінде қалыптасып елде болып қалған кез-келген төтенше, әскери жағдай орнаған кезде жұмсалынады. Мұндай қор президенттің жарлығымен енгізіліп сол сияқты күшін жояды. Кез-келген мемлекет, халықтың қызмет етудегі міндетті шарты түрінде ақша қаржыларының жинақталып орталықтандырылған қорын құруды, бөлуді сонымен бірге пайдалануды қамтамасыз ететін елдің негізгі бірден-бір қаржы реті деп білеміз. Ішкі және сыртқы саясатты ұтымды әрі пайдалы жүргізу жолында бюджет экономиканың бар салаларына қаржыларды бөлу және қайта бөлуді жүзеге асырады. Сонымен қатар қаржы жүйесінің түпкі буыны, түпкі категориясы. Ол жақта маңызды мемлекет кірістері мен шығыстары шоғырланады.

Бұл арқылы ресурстардың дамылсыз жиналуы, тоқтаусыз жұмсалуды жүзеге асырылып тұрады. «Бюджет» терминін біздің қазақ тілімізге ағылшын тілінен аударса келе оның «ақша қапшығы» деген мағына беретінің көреміз. Тек орталықтандырылған ақшадан бөлек әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан мәнін аша келе ұлттық табуларды бөлудің бір құралы екенін білетін боламыз.

**Тәжірибелік бөлім.** Республикалық бюджет, өз алды биліктің бір тарауымен жасалып, екіншісімен бекітілетін едәуір жеке

тар ретінде болғандықтан, қолданбалы, бірақ маңызды функция орындайды – ол мемлекет таңдаған ел басқару стильді іске асырады. Республикалық бюджетте мемлекетке қажетті қаржы ресурстары мен барлық резервтер көлемі саналады, сондықтан осы бюджет қылы елдің қаржы ахуалы, қаражаттар жұмсаудың нақты бағыттары, салалар, аймақтар мен әрекет салалары бойынша шығындар қатынасы анықталады. Осыған байланысты республикалық бюджеттің экономикалық саясатты іске асыру құралы ретіндегі мемлекеттік мәні мен экономикалық рөлі білінеді.

Республикалық бюджет мазмұны оның құрамындағы ерекше экономикалық формалар болуымен шарттанады, яғни кірістер (түсімдер) және шығындар. Осы формалар арқылы ақша құралдарының орталықтандырылған қорын қалыптастыру мен пайдалануы іске асырылады. Кірістер мен шығындардың құрамы мен құрылымы мемлекеттің нақты әлеуметті-экономикалық шартта жүргізіп жатқан орта мерзімді фискалдық саясатты іске асыру бағыттарын сәйкес. Кірістерді қалыптастыру мен бюджеттік құралдарды жұмсау формалары мен әдістері де осыған сәйкес болуы тиіс [2].


1-кесте. Республикалық бюджетке түсетін салықтық түсімдер қозғалысы, мың теңге

| Көрсеткіштер  | 2015 ж. |             |              | 2016 ж.  |             |              |
|---|---------|-------------|--------------|----------|-------------|--------------|
|   | Жоспар  | Нақты түсім | Орындалуы, % | Жоспар   | Нақты түсім | Орындалуы, % |
| Салықтық түсімдер   | 7423053 | 7748200,7   | 104,4        | 9770888  | 10782496,4  | 90,6         |
| Корп.табысқа салық  | 1773642 | 1632639,1   | 92,4         | 1899975  | 1836177,6   | 96,6         |
| ҚҚС барлығы   | 3385606 | 3782799     | 111,7        | 4183113  | 4260099     | 101          |
| Жалпы акциздер (РБ)   | 2382,0  | 2432,5      | 102,1        | 1000     | -           | -            |
| Жер қойнауын пайдаланушыларға салық   | 1532813 | 1567646,2   | 102          | 2790696  | 3662203,7   | 129          |
| Ойын бизнесі  | 41977   | 41977,4     | 100          | 86962    | 79018,8     | 90,9         |
| Алымдар   | 146750  | 132977,8    | 98,6         | 182503   | 170191,6    | 93           |
| Төлемақылар   | 146308  | 146510,9    | 100,1        | 215297   | 297316,9    | 138          |
| Мемлекеттік баж   | 393575  | 440982,2    | 112          | 411342   | 476412,1    | 115,8        |
| Басқа да салықтық түсімдер  | -       | 235,6       | -            | -        | 1076,7      | -            |
| Салықтық емес түсімдер  | 421063  | 714667,3    | 160          | 444998   | 775304,7    | 57,3         |
| Негізгі капиталды сатудан түскен түсім  | 8471    | 10373,7     | 122,5        | 4324     | 4540,5      | 104,9        |
| РБ бойынша қорытынды  | 7876537 | 8473243,9   | 107,6        | 10220212 | 11502238,5  | 112,5        |
| Ескерту: Тараз қаласы мемлекеттік кірістер басқармасының 2015-2016 жылдардағы мәліметтері негізінде автормен есептелген |         |             |              |          |             |              |



Жер қойнауын пайдаланғаны үшін төленетін салықтар 102 пайызды көрсетсе, келесі жылда бұл мөлшер барынша артып 129 пайыз болған. Салықтық түсімдердің құрамына талдау жасаған уақытта корпорациялық табыс салығы 2015 жылда 1635329,1 мың теңге келесі жылда 1836177,6 мың теңге болып түсімнің артқанын байқаймыз. 3782799 мың теңгеден қосылған құн салығы 4260099 мың теңгеге артқан. Жоспарланған сомада орындалмаған. Алымдар мен төлемақыларды есептеу барысында төлемақылардың 146510,9 мың теңгеден 2016 жылы 297316,9 мың теңгеге көбейіп оң көрсеткішті көрсетеді. Жалпы акциздер 2015 жылы жоспарды артығымен орындағанымен 2016 жылда жоспармүлдем орындалмаған. Ойын бизнесі үшін төленетін міндеті төлемдер 2016 жылда айтарлықтай кеміген. 90,9 пайыздық көрсеткішті құрап тұр.

Негізгі капитал сатудан түсімде азайғанын байқаймыз себебі 17,6 пайызға түсім төмендеген. Салықтан тыс түсімдер аса көп мөлшерде 2016 жылы 160 пайыздан 57,3 пайызға кеміп отыр. 2015 жылы 714667,3 мың теңге 2016 жылда 775304,7 мың теңгені берген.



1-сурет. Республикалық бюджет қозғалысының құрылымы

Қазіргі таңда экономикалық даму кезеңінде республикалық бюджеттің рөліне өте үлкен мән берілуде. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатын іске асырудың негізгі құралы ретінде пайдаланылады.

*Салықтық түсімдер, алымдар және басқа да міндетті төлемдер:*

